Ф-04-01-04-25-05

Бекітемін
Университет ректоры
_________ Қ. Байболов
«23» 12 20 25 ж.

Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университеттің 6В01403 «Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша «Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі» (IQAA) сыртқы сарапшылар тобының ескертулерін жою және ұсынымдарын іске асыру жөніндегі түзету іс-шаралар жоспары

| № | Анықталған сәйкессіздіктер (ескертулер), ұсыныстар | Түзету іс-шаралар | Орындау мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|
| 1 | **Ескертулер:** Білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамы (ПОҚ) үшін академиялық ұтқырлықты іске асырудың білім беру бағдарламасы (ББ) аясында жүйелі және ұзақ мерзімді жоспары жоқ. | 1. Білім беру бағдарламасы аясында білім алушылар мен ПОҚ үшін академиялық ұтқырлықты іске асыруға бағытталған **5** жылдық жол картасын әзірлеу және кафедра отырысында бекіту.<br>2. Академиялық ұтқырлықты ұйымдастыру және үйлестіру үшін жауапты тұлғаны (кафедра координаторын) тағайындау, оның функционалдық міндеттерін айқындау.<br>3. Серіктес отандық және шетелдік жоғары оқу орындарының тізбесін анықтап, нақты келісімдер (меморандумдар, келісімшарттар) жасасу.<br>4. Білім алушылар мен ПОҚ-ты академиялық ұтқырлыққа іріктеудің айқын критерийлері мен рәсімдерін әзірлеу және бекіту. | 2025-2026 оқу жылы | Кафедра меңгерушісі Карсыбаев Б.Т.,<br>ПОҚ<br><br>Акедемиялық ұтқырлық орталығыныың басшысы Нарaлиева Ш |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 5. Академиялық ұтқырлық нәтижелерін (кредиттерді тану, тәжірибе алмасу, есеп беру) есепке алу және мониторинг жүргізу жүйесін енгізу.<br>6. Академиялық ұтқырлыққа қатысуды ынталандыру мақсатында ақпараттық қолдау және мотивациялық тетіктерді (түсіндіру семинарлары, ішкі рейтингке енгізу) іске асыру. | | |
| 2 | ПОҚ құрамында білім беру бағдарламасының бейіні бойынша өзекті кәсіби тәжірибесі бар практик-мамандар жоқ. | 1. Білім беру бағдарламасы шеңберінде практик-мамандардың қатысуымен шеберлік сабақтарын, тренингтер мен өндірістік семинарларды тұрақты түрде ұйымдастыру.<br>2. Кафедраның кадрлық саясатын қайта қарап, практикалық тәжірибесі бар мамандарды жұмысқа қабылдауға басымдық беру туралы ішкі талаптарды бекіту.<br>3. ПОҚ-тың кәсіби тәжірибесін жаңарту мақсатында өндірістік тағылымдамалардан, біліктілікті арттыру курстарынан өтуін жоспарлау. | 2026-2027 оқу жылы | Кафедра меңгерушісі Карсыбаев Б.Т.,<br>ПОҚ |
| 3 | ПОҚ-тың жарияланымдық белсенділігі жеткіліксіз. | 1. Ғылыми мақалалар жазу дағдыларын жетілдіру мақсатында семинарлар, тренингтер және әдістемелік кеңестер ұйымдастыру.<br>2. Ғылыми-зерттеу және шығармашылық жұмыстарына жоспар құру. | 2025-2026 оқу жылдары | Кафедра меңгерушісі Карсыбаев Б.Т.,<br>ПОҚ<br>Жауапты: Қайнарбаева А.К.<br>Ғылым және зерттеу жұмыстары жөніндегі |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 3. ПОҚ-қа мақалаларды рәсімдеу, аудару және журналдарға жіберу барысында әдістемелік және консультациялық қолдау көрсету (редакциялық көмек, рецензиялау).<br>4. Жарияланымдық белсенділікті арттыру үшін ынталандыру тетіктерін (материалдық көтермелеу, рейтингтік бағалау, марапаттау) енгізу. | | проректор<br>Оралбекова Ә.К. |
| 4 | ПОҚ-тың өз авторлық оқу және оқу-әдістемелік әзірлемелерін әзірлеу және енгізу бойынша белсенділігі төмен. | 1. ПОҚ-тың авторлық оқу және оқу-әдістемелік әзірлемелерін әзірлеу мен оқу үдерісіне енгізуді жылдық жоспарын құру.<br>2. Авторлық оқу құралдары мен әдістемелік нұсқаулықтарды әзірлеу бойынша әдістемелік семинарлар мен кеңестер ұйымдастыру.<br>3. Дайындалған авторлық оқу және оқу-әдістемелік әзірлемелерді ішкі сараптаудан өткізіп, оқу үдерісіне енгізу.<br>4. Авторлық оқу-әдістемелік материалдар әзірлеген ПОҚ-ты ынталандыру шараларымен (марапаттау, рейтингке қосу, материалдық көтермелеу) қолдау. | 2026-2027 оқу жылы | Кафедра меңгерушісі Карсыбаев Б.Т.,<br>ПОҚ |
| 5 | Зертханалық жабдықтардың жеткіліксіздігі және оларды жүйелі түрде жаңартудың болмауы байқалады. | 1. Шеберханалық жабдықтардың жай-күйіне талдау жасап, қажетті құралдардың тізбесін қалыптастыру.<br>2. Материалдық-техникалық базаны кезең-кезеңімен жаңарту бойынша жоспар әзірлеу. | 2026-2027 оқу жылы | Кафедра меңгерушісі Карсыбаев Б.Т.,<br>ПОҚ |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 3. Жабдықтарды пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жаңарту процесіне тұрақты бақылау орнату. | | |
| 6 | Білім алушыларды сүйемелдеудің навигациялық жүйесі жеткілікті деңгейде дамымаған. | 1. Білім алушылар арасында сауалнама жүргізу (ақпаратқа қолжетімділік, бағыт-бағдар алу деңгейі).<br>2. «Білім алушыға арналған жол картасын» (академиялық, әкімшілік, әлеуметтік бағыттар) әзірлеу;<br>3. Ресми сайтқа FAQ (жиі қойылатын сұрақтар) бөлімін енгізу 1-курс білім алушылары үшін бейімдеу (orientation) аптасын ұйымдастыру | 2025-2026 оқу жылы | Кафедра меңгерушісі Карсыбаев Б.Т..<br>ПОҚ |
| 7 | Білім беру бағдарламасындағы барлық пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешендер әзірленбеген және ұсынылмаған. | 1. Барлық пәндерге арналған оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу және жаңарту бойынша мерзімі мен жауапты тұлғалары көрсетілген жоспар әзірлеу және бекіту.<br>2. Әр пән бойынша оқу-әдістемелік кешенді әзірлеуге жауапты оқытушыларды бекітіп, орындалуын кафедра деңгейінде бақылау.<br>3. Оқу-әдістемелік кешендердің толықтығы мен өзектілігін семестр сайын тексеріп, білім беру бағдарламасының өзгерістеріне сәйкес тұрақты жаңарту. | 2025-2026 оқу жылы | Кафедра меңгерушісі Карсыбаев Б.Т..<br>ПОҚ |
| 8 | Білім беру бағдарламасы аясында оқу үдерісінде қолданылатын цифрлық | 1. Оқу үдерісінде қолданылатын цифрлық құралдар мен | 2025-2030<br>(жыл сайын) | Кафедра меңгерушісі Карсыбаев Б.Т.. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | құралдар мен білім беру платформаларын пайдалану тиімділігіне жүйелі бағалау жүргізілмейді. | платформалардың тиімділігін айқындайтын бірыңғай бағалау критерийлері мен көрсеткіштерін бекіту.<br>2. Семестр сайын білім алушылар мен оқытушылар арасында сауалнама жүргізіп, платформаларды пайдалану нәтижелерін талдау.<br>3. Мониторинг қорытындылары бойынша тиімсіз құралдарды жаңарту, алмастыру немесе оқытушыларға әдістемелік қолдау көрсету. | | ПОҚ |
| 9 | **Ұсыныстар:** Жұмыс берушілер мен студенттерді тарта отырып, білім беру бағдарламасының сапасын тұрақты түрде сыртқы және ішкі бағалауды қамтамасыз ету, сондай-ақ алынған деректерді пәндердің мазмұны мен оқыту әдістерін жаңартуда пайдалану. | 1. Жұмыс берушілер мен студенттерге семинар, кездесулер өткізу.<br>2. Білім беру бағдарламасын бағалауға салалық жұмыс берушілерді тарта отырып, пәндердің мазмұны мен күтілетін оқу нәтижелерінің еңбек нарығына сәйкестігін жүйелі талдау.<br>3. Студенттердің пікірін жинауға арналған тұрақты сауалнамалар мен фокус-топтар ұйымдастырып, оқыту әдістері мен пәндер мазмұнын бағалау.<br>4. Кафедра және бағдарлама деңгейінде оқу жетістіктері, цифрлық құралдарды қолдану және оқыту әдістері бойынша ішкі талдау жүргізу.<br>5. Сыртқы және ішкі бағалау | 2026-2027 оқу жылы | Кафедра меңгерушісі Карсыбаев Б.Т., ПОҚ |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | қорытындылары негізінде пәндердің силлабустарын жаңартып, заманауи оқыту әдістерін енгізу және өзгерістердің орындалуын бақылау. | | |
| 10 | Білім беру бағдарламасы аясында ПОҚ пен білім алушылардың академиялық ұтқырлығын кезең-кезеңімен іске асыру жоспарын әзірлеу. | 1. ПОҚ пен білім алушыларға арналған қысқа, орта және ұзақ мерзімді академиялық ұтқырлық бойынша жоспар әзірлеу.<br>2. Білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес отандық және шетелдік жоғары оқу орындарымен келісімдер жасап, ұтқырлық бағыттарын нақтылау.<br>3. Қаржыландыру көздерін жоспарлау.<br>4. ПОҚ пен білім алушыларды академиялық ұтқырлық бағдарламалары туралы жүйелі түрде ақпараттандырып, ашық және әділ іріктеу тәртібін бекіту. | 2025-2030<br>(жыл сайын) | Кафедра меңгерушісі Карсыбаев Б.Т.,<br>ПОҚ<br><br>Акедемиялық ұтқырлық орталығынының басшысы Наралиева Ш. |
| 11 | ПОҚ-тың оқытылатын мамандық бейіні бойынша ҚР ҒЖБССҚК (КОКСНВО МНВО РК) тізіміне енгізілген мерзімді басылымдарда жарияланым жасау белсенділігін арттыру. | 1. ПОҚ әрбір мамандық бейіні бойынша мерзімді басылымдарға жарияланымдар жасау үшін жылдық немесе жартыжылдық жоспар жасап, тақырыптар мен мерзімдерін нақтылау.<br>2. Ғылыми зерттеулерді жариялауға арналған гранттар, сыйақылар немесе ішкі рейтингтер арқылы ПОҚ-тың белсенділігін арттыру.<br>3. ПОҚ-қа мақалаларды жазу, редакциялау және жариялау процесінде әдістемелік және | 2026-2030<br>(жыл сайын) | Кафедра меңгерушісі Карсыбаев Б.Т.,<br>ПОҚ<br><br>Жауапты: Қайнарбаева А.К.<br><br>Ғылым және инновация департаментінің директоры Оралбекова Ә.К. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | техникалық көмек көрсету, қажетті конференциялар мен семинарларға қатысу деңгейін арттыру. | | |
| 12 | Білім беру бағдарламасын іске асыруға бейін бойынша өзекті кәсіби тәжірибесі бар практик-мамандарды тарту. | 1. Салалық компаниялар, кәсіпорындар мен ұйымдармен келісімдер жасап, практик-мамандарды тұрақты немесе жобалық сабақтарға, шеберлік сыныптарына және практикалық тренингтерге тарту.<br>2. Практик-мамандардың кәсіби деңгейі мен сабақ өткізу сапасын тексеру, олардың оқу процесіне тиімділігін бағалау және үздік тәжірибелерді жүйелі енгізу. | 2026-2027<br>(жыл сайын) | Кафедра меңгерушісі Карсыбаев Б.Т.,<br>ПОҚ |
| 13 | ПОҚ-тың авторлық оқу және оқу-әдістемелік материалдарын әзірлеуді ынталандыру тетіктерін қарастыру. | 1. Қаржылық және материалдық ынталандыру. Авторлық материалдарды әзірлеуге, сыйақылар немесе премиялар беру арқылы ПОҚ-ты ынталандыру.<br>2. Авторлық материалдар жарияланған сайын кафедралық немесе университеттік рейтингке қосу, үздік еңбектерді марапаттау.<br>3. Әдістемелік және техникалық қолдау көрсету. ПОҚ-қа оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу процесінде редакциялық, графикалық және цифрлық құралдармен көмек көрсету, семинарлар өткізу. | 2026-2030<br>(жыл сайын) | Кафедра меңгерушісі Карсыбаев Б.Т.,<br>ПОҚ |
| 14 | Мамандандырылған тігін машиналарын | 1. Қажеттілікті талдау және сатып | 2026-2027 | Кафедра меңгерушісі |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | және станоктарды (ағаш өңдеуге арналған токарлық станоктар, бұрғылау станоктары, ағаш күйдіруге арналған станоктар) сатып алу арқылы кафедраның материалдық-техникалық базасын жетілдіру. | алу сұраныстарын әзірлеу.<br>Кафедраның оқу және зерттеу бағдарламасына сай қандай машинкалар мен станоктар қажет екенін анықтап, кезең-кезеңімен сатып алу жоспарын бекіту.<br>2. Университеттің бюджеттік қаражаты арқылы қажетті жабдықтарды қаржыландыру мүмкіндігін қарастыру.<br>3. Жабдықтарды тиімді пайдалану және техникалық қызмет көрсету жүйесін енгізу.<br>Сатып алынған машинкалар мен станоктардың пайдалану ережелерін, қауіпсіздік талаптарын және профилактикалық қызмет көрсету кестесін жасау, жауапты тұлғаларды бекіту. | (жыл сайын) | Карсыбаев Б.Т.,<br>ПОҚ |
| 15 | Кітапхана қорын білім беру бағдарламасының бейіні бойынша мемлекеттік тілдегі әдебиеттермен толықтыру. | 1. Бағдарлама пәндері мен оқыту бағыттарына сәйкес мемлекеттік тілдегі оқулықтар, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттердің тізімін жасап, сатып алуға сұраныстар әзірлеу.<br>2. Кітапхана қорын толықтыру үшін университеттің бюджеті бағдарламалар және демеушілерді тарту мүмкіндігін қарастыру.<br>3. Сатып алынған әдебиеттерді оқу залдары мен электрондық ресурстар арқылы студенттер мен ПОҚ үшін қолжетімді етіп ұйымдастыру, қорды жыл сайын жаңартып, | 2026-2030<br>(жыл сайын) | Кафедра меңгерушісі<br>Карсыбаев Б.Т.,<br>ПОҚ |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | мониторинг жүргізу. | | |
| 16 | Университеттің цифрлық білім беру ортасында білім алушылар үшін ыңғайлы әрі интуитивті түсінікті навигация жүйесін әзірлеу және енгізу. | 1. Цифрлық білім беру платформасында пайдаланушы интерфейсін қарапайым, логикалық және интуитивті етіп жобалау, пәндер, оқу материалдары және қызметтерді оңай табуға мүмкіндік беру.<br>2. Пайдаланушыларды ақпараттандыру және тестілеу Студенттер мен ПОҚ арасында жаңа навигация жүйесін таныстыру, нұсқаулықтар, вебинарлар өткізу.<br>3. Навигация жүйесінің тиімділігін тұрақты түрде кері байланыс арқылы бағалау, ұсыныстарды жинау және платформаны үнемі жаңартып, жетілдіру. | 2026-2030<br>(жыл сайын) | Кафедра меңгерушісі Карсыбаев Б.Т.,<br>ПОҚ |
| 17 | Білім беру бағдарламасындағы барлық пәндер бойынша оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді толық қалыптастыру және өзектендіруді аяқтау. | 1. Барлық пәндер бойынша қажетті оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар мен практикалық тапсырмаларды дайындау, жоспарын құру.<br>2. Әр пәннің оқу-әдістемелік кешендерін кафедралық және әдістемелік кеңестерде сараптап, бағдарламаның қазіргі талаптары мен заманауи әдістемелерге сәйкес өзектендіру.<br>3. Оқу-әдістемелік кешендердің сапасы мен өзектілігін жыл сайын тексеріп, кемшіліктерді түзету және жаңартуларды жүйелі түрде енгізу. | 2026-2027<br>Оқу жылы | Кафедра меңгерушісі Карсыбаев Б.Т.,<br>ПОҚ<br><br>ОӘК жауапты Калабаева К.Р.<br>ББӘҚБ басшысы Әшірбекова Г.Ш. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 18 | Цифрлық білім беру ресурстарын пайдаланудың нәтижелілігін бағалауға мүмкіндік беретін кері байланыс және талдау құралдарын әзірлеу және енгізу. | 1. Цифрлық ресурстардың тиімділігін өлшеуге арналған нақты көрсеткіштер мен бағалау критерийлерін анықтау (пайдалану жиілігі, оқу нәтижелері, қанағаттану деңгейі).<br>2. Кері байланыс механизмін енгізу. Студенттер мен ПОҚ үшін сауалнамалар, фокус-топтар, рейтингтер және пікір қалдыру жүйелерін ұйымдастырып, олардың тәжірибесі мен ұсыныстарын жинау.<br>3. Нәтижелерді талдау және жүйелі жетілдіру.<br>Жиналған деректерді талдау арқылы тиімділікті бағалап, цифрлық ресурстарды жетілдіру, оқу бағдарламалары мен әдістемелерге енгізу. | 2026-2030<br>(жыл сайын) | Кафедра меңгерушісі Карсыбаев Б.Т.,<br>ПОҚ |

Өнер және көркем еңбек кафедрасының меңгерушісі _____________ Карсыбаев Б.Т